

Докторанттың шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуі

2018 жылдың қараша айында Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты Толғанай Құрманбаеваның Лодзь университетінің (Польша) филология факультеті, Орыс тілдері институтында ғылыми тағылымдамасы аяқталды.

Тағылымдамадан өту кезінде докторант Лодзь университетінің, орыс тілі институтының кітапханаларының бай электронды және каталогтық қорларымен, библиографиялық мәліметтер базасымен танысты.

Диссертация жұмысында ең қажетті филология ғылымдарының докторы, профессор, Лодзь университетінің орыс тілі институтының директоры, тілтану кафедрасының меңгерушісі, шетелдік ғылыми жетекші-кеңесші Ярослав Вябинскийдің кеңесі болды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесі Лодзь университеті кітапханаларындағы қор материалдарының тұтастай бір бөлігі пайдаланылатын диссертация бөлімінен көрініс таппақ.

